

Ауылдық елді мекендерде тұратын және жұмыс істейтін мемлекеттік денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және ветеринария үйымдарының мамандарына отын сатып алу үшін әлеуметтік көмек беру туралы

Күшін жойған

Жамбыл облысы Сарысу аудандық мәслихатының 2012 жылғы 30 қарашадағы № 10-4 шешімі. Жамбыл облысының Эділет департаментінде 2012 жылғы 25 желтоқсанда № 1862 тіркелді. Күші жойылды - Жамбыл облысы Сарысу аудандық мәслихатының 2014 жылғы 29 қазандағы № 36-4 қаулысымен

**Ескертпе. Күші жойылды - Жамбыл облысы Сарысу аудандық мәслихатының
29.10.2014 ж. № 36-4 қаулысымен.**
Р Қ А О ескертпесі.

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

«Агроенеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы» Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі Заңының 18 бабының 5 тармағына және «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6 бабына сәйкес, аудандық мәслихат

Ш Е Ш И М Е Т Т I :

1. Ауылдық елді мекендерде тұратын және жұмыс істейтін мемлекеттік денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және ветеринария үйымдарының мамандарына үш айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде отын сатып алу үшін әлеуметтік көмек берілсін.

Ескерту. 1-тармаққа өзгерістер енгізілді - Сарысу аудандық мәслихатының 10.04.2013 № 14-3; 30.06.2014 № 31-9 (алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік 10 күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімдерімен.

2. «Ауылдық елді мекендерде тұратын және жұмыс істейтін мемлекеттік денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет және спорт үйымдарының мамандарына отын сатып алу үшін әлеуметтік көмек беру туралы » Сарысу аудандық мәслихатының 2011 жылғы 18 қазандағы № 55-4 (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 6-9-123 болып тіркелген, 2011 жылғы 2 қарашадағы № 87 «Сарысу» газетінде жарияланған) шешімінің күші жойылды деп танылсын.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылау аудандық мәслихаттың әлеуметтік-экономикалық аумағының дамуы, қаржы және бюджет, қоршаған ортаны қорғау мен табиғатты пайдалану, әкімшілік-аумақтық бөліністі айқындау,

кәсіпкерлік және ауылшаруашылық мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясының төрағасы Көкебаев Бахыт Керімбайұлына жүктелсін.

4. Осы шешім Әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң

қ о л д а н ы с қ а

е н г і з і л е д і .

<i>N. Сұлтанбеков</i>	Аудандық сессиясының	мәслихат	Аудандық төрағасы	хатшысы	мәслихат
-----------------------	-------------------------	----------	----------------------	---------	----------

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заннама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК